

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 6 сәуірдегі № 40 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 145 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім 2022 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2021 жылғы 6 сәуірдегі  
№ 40 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Көрсетілген шешіммен бекітілген "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 5 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН  
(Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының

**"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы істер және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасын бекіту туралы" 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 121 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышы туралы" 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 145 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Қағидалар осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процесі іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процесінің белгілі бір қатысушысына белгілі бір әрекеттерді орындауға құқық беру;

"кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыш" – Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына енгізілген және операторы Комиссия болып табылатын кедендік құжаттарды толтыру үшін Одақтың құқығына сәйкес пайдаланылатын сыныптауыш;

"кеден органдарының сыныптауышы" – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер кеден органдарының сыныптауышын жүргізу тәртібіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер кеден органдарының ұлттық сыныптауыштары негізінде қалыптастырылатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер кеден органдарының сыныптауышы (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 145 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышына қосымша, бұдан әрі – тиісінше кеден органдарының сыныптауышын жүргізу тәртібі және кеден органдарының ұлттық сыныптауышы).

"сыныптауыш" – кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыш және кеден органдарының сыныптауышы;

"кеден органдарын қайта ұйымдастыру" – мүше мемлекеттердің кеден органдарының жүйелерінде, оларды қайта бағындыру, біріктіру (қосу), бірігі, бөлу және бөліп шығару нысандарында болатын кеден органдарын қайта ұйымдастыру;

"жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектіні оның өмірлік циклінің белгілі бір кезеңінде сипаттайтын, жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгеретін қасиет.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "оператор" ұғымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 121 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасында айқындалған мағынада қолданылады.

#### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі ақпарат**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленуі: P.CC.10, нұсқасы 2.0.0.

#### **V. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаты бақылау тиімділігін қамтамасыз ету және кедендік мақсаттар үшін қолданылатын сыныптауыштарды, оның ішінде кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды жүргізу және қалыптастыру процесін жетілдіру есебінен кедендік құжаттарда көрсетілетін мәліметтердің дұрыстығын арттыру және кеден органдарының, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың осындай сыныптауыштарды пайдалануы болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) нормативтік-анықтамалық ақпараттың кіші жүйесінің штаттық құралдарын, Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің тізілімдері мен тіркелімдерін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) пайдалана отырып, жалпы ақпараттық ресурсты - Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына енгізілген сыныптауыштарда қамтылған толық және

өзекті мәліметтерді, осы мәліметтерге енгізілген өзгерістердің тарихын, сондай-ақ осындай өзгерістерді енгізуге негіз болған мәліметтерді қамтитын Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының тізілімін қалыптастыруын қамтамасыз ету;

б) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттердің, мүше мемлекеттердің, Одақтың уәкілетті органдары) кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді өзгерту фактісі туралы уақтылы хабардар етуді қамтамасыз ету;

в) кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта немесе кеден органдарының сыныптауышында, Одақтың ақпараттық порталында қамтылған өзекті мәліметтерді ұсынуды, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың ақпараттық жүйелерінің осындай мәліметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету;

г) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету;

д) кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыруды және одан өзекті мәліметтерді кеден органдарының сыныптауышын жүргізу тәртібіне сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсынуды қамтамасыз ету.

## 2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышты жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кеден органдарының сыныптауышынан мәліметтерді қалыптастыруға және ұсынуға жауапты құрылымдық бөлімшесі
P.CC.10.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштан және кеден органдарының сыныптауышынан мәліметтерді пайдаланатын, сондай-ақ кеден органдары сыныптауышының ұлттық бөлігін жүргізуді қамтамасыз ететін, кеден ісі

		саласында уәкілетті мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.CC.10.ACT.002	мүдделі тұлға	сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, өз қызметінде кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға

### 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсатына қарай топтастырылған процедуралар жиынтығын білдіреді:

а) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

б) мүдделі тұлғаларға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету рәсімдері;

г) кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдері.

11. Комиссия кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды жүргізуді, кеден органдары сыныптауышының мәліметтерін қалыптастыруды, сондай-ақ осы сыныптауыштарда қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға ұсынуды жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының шеңберінде жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу;

кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу;

кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу;

кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді алу;

кеден органдарының сыныптауышына енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу.

Мүдделі тұлғаларға ақпарат беру кезінде мүдделі тұлғаларға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы алу" рәсімі орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету рәсімдері тобының шеңберінде "Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету" рәсімі орындалады.

Кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдері тобының шеңберінде жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:


кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын құру туралы мәліметтерді ұсыну;

кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органы туралы өзгертілген мәліметтерді ұсыну;

кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын тарату туралы мәліметтерді ұсыну;

кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты кеден органдары туралы өзгертілген мәліметтерді ұсыну.

12. Жалпы процестің құрылымын сипаттау 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әр тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтірілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық нотациясын (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) пайдалана отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

#### **4. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы**

15. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салуды алған кезде орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуларды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Ұсынылатын сұрау салулардың форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 5 шешімімен бекітілген "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышты немесе кеден органдарының сыныптауышын жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрату;

кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сұрату;

кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрату;

кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді сұрату;

кеден органдарының сыныптауышына енгізілген өзгерістер туралы ақпарат сұрату.

Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышты немесе кеден органдарының сыныптауышын жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрауды мүше мемлекеттің уәкілетті органы сыныптауышта қамтылған және Комиссияда сақталатын мәліметтермен сыныптауышта қамтылған мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын мәліметтерді үйлестіру қажеттілігін бағалау мақсатында орындайды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі орындалады.

Кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден органдарының сыныптауышында қамтылған және Комиссияда сақталатын мәліметтерді алу үшін орындалады. Сыныптауышта қамтылған мәліметтер не толық көлемде (тарихи деректерді ескере отырып) не белгілі бір күнгі жағдай бойынша сұратылады. Кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді сұрату көрсетілген мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процесті бастамашылық ету, оған жалпы процестің жаңа қатысушысын қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде толық көлемде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімі орындалады.

Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрау салу кезінде сұрау салу параметрлеріне байланысты мыналар:

қосу немесе өзгерту сұрауда көрсетілген сәттен бастап сұрауды орындау сәтіне дейін болған;

деректемелері сұрау салуда көрсетілген нормативтік құқықтық актінің негізінде оларды қосу немесе өзгерту болған мәліметтер ұсынылады.

Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімі орындалады.

Кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден органдарының сыныптауышында қамтылған және Комиссияда сақталатын мәліметтерді алу үшін орындалады. Сыныптауышта қамтылған мәліметтер не толық көлемде (тарихи деректерді ескере отырып) не белгілі бір күнгі жағдай бойынша сұратылады. Кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді сұрату көрсетілген мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процесті бастамашылық ету, оған жалпы процестің жаңа қатысушысын қосу, іркілістен кейін ақпаратты

қалпына келтіру кезінде толық көлемде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.006) рәсімі орындалады.

Кеден органдарының сыныптауышына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрау салуды өңдеу нәтижелері бойынша қосу немесе өзгерту сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап сұрау салуды орындау сәтіне дейін болған мәліметтер ұсынылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кеден органдарының сыныптауышына енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.007) рәсімі орындалады.

16. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

**Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.PRC.001	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді Комиссияда сақталатын тиісті сыныптауышта қамтылған мәліметтермен үндестіру қажеттілігін бағалауға арналған
P.CC.10.PRC.002	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын және Комиссияда сақталатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алуына арналған
P.CC.10.PRC.003	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу	рәсім кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын мәліметтерді кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын және Комиссияда сақталатын сыныптауышта қамтылған мәліметтермен үндестіруге арналған
P.CC.10.PRC.006	кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын және Комиссияда сақталатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алуына арналған
P.CC.10.PRC.007	кеден органдарының сыныптауышына енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу	рәсім кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын мәліметтерді кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын және Комиссияда сақталатын

**5. Мүдделі тұлғаларға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы**

18. Мүдделі тұлғаларға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы мәліметтерді ұсыну кезінде порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы браузер терезесінде кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтерді іздеу және (немесе) түсіру параметрлерін белгілейді, кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтермен немесе браузер терезесінде ұсынылған кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтермен жұмысты жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде өзара іс-қимыл мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында жүзеге асырылады.

19. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

3-сурет. Мүдделі тұлғаларға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Мүдделі тұлғаларға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

**Мүдделі тұлғаларға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.PRC.004	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы алу	рәсім кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын аурулар сыныптауышында қамтылған мәліметтерді немесе осы порталдың не осы порталда орналастырылған сервистердің веб-интерфейсін пайдалана отырып, Одақтың ақпараттық порталы арқылы кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді алуға арналған

**6. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету рәсімдерінің тобы**

21. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету рәсімдері интеграцияланған жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтерге өзгерістер енгізу кезінде немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтерге өзгерістер енгізу кезінде автоматты режимде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын осындай мәліметтерді өзгерту фактісі туралы хабардар ету жүзеге асырылады.

22. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте көрсетілген.

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

4-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышындағы мәліметтердің өзгеру фактісі туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын хабардар ету рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

**Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өзгерту фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді өзгерту фактісі туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын хабардар ету рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.PRC.005	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы хабардар ету	рәсім кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтердің өзгеру фактісі туралы немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді интеграцияланған жүйе арқылы өзгерту фактісі туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын хабардар етуге арналған

## 7. Кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдерінің тобы

24. Кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдері кеден органдарының ұлттық сыныптауыштарында қандай да бір өзгерістер туындаған және

кеден органдарының сыныптауышы операторының интеграцияланған жүйе арқылы комиссияға бұл туралы мәліметтерді ұсынуы қажет болған кезде орындалады.

Кеден органдарының сыныптауышына енгізу үшін ұсынылатын мәліметтер кеден органдарының сыныптауышын жүргізу тәртібінің 28-тармағында көрсетілген мәліметтерді қамтиды.

Комиссияға кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын құру (құру, қайта құру қызметінің басталуы) туралы мәліметтер (бұдан әрі – кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын құру туралы мәліметтер) ұсынылған кезде "Кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын құру туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.10.PRC.008) рәсімі орындалады.

Кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органдарының сыныптауышына енгізілетін өзгерістерді комиссияға жіберген кезде "Кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органы туралы өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.CC.10.PRC.009) рәсімі орындалады.

Кеден органдарының сыныптауышына енгізілген және таратылуы кеден органдарын қайта ұйымдастырумен байланысты емес кеден органының таратылуы (таратылуы, қызметінің тоқтатылуы) туралы мәліметтерді комиссияға жіберген кезде (бұдан әрі – кеден органдарын қайта ұйымдастырумен байланысты емес кеден органының таратылуы туралы мәліметтер) "Кеден органдарын қайта ұйымдастырумен байланысты емес кеден органының таратылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.10.PRC.010) рәсімі орындалады.

Кеден органдарының сыныптауышын жүргізу тәртібінің 28-тармағының "г" - "з" тармақшаларында айқындалған нысандарда кеден органының қайта ұйымдастырылуына байланысты кеден органдарының сыныптауышына енгізілетін өзгерістер туралы мәліметтерді комиссияға жіберген кезде "Кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты кеден органы туралы өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.CC.10.PRC.011) рәсімі орындалады.

25. Кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 5-суретте көрсетілген.

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

5-сурет. Кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдері тобының жалпы схемасы

26. Кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

**Кеден органдарының сыныптауышын қалыптастыру рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.PRC.008	кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын құру туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын құру туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.10.PRC.009	кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес	рәсім кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органы туралы өзгертілген

	кеден органын құру туралы мәліметтерді ұсыну	мәліметтерді Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.10.PRC.010	кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын тарату туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органын тарату туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.10.PRC.011	кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты емес кеден органы туралы өзгертілген мәліметтерді ұсыну	рәсім кеден органдарының сыныптауышын жүргізу тәртібінің 28-тармағының "г" - "з" тармақшаларында айқындалған нысандарда кеден органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты кеден органы туралы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға ұсынуға арналған

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

27. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олар туралы мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

### Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.10.BEN.001	сыныптауыштың жай-күйі туралы ақпарат	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштың немесе кеден органдары сыныптауышының жай-күйі (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпарат
P.CC.10.BEN.002	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыш	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтер
P.CC.10.BEN.003	кеден органдарының сыныптауышы	кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтер

27. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олар туралы мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 6-кестеде келтірілген.

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

28. Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ақпараттық өзара іс-қимылына қатысатын мәліметтерді берудің уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің лауазымды адамдары мен уәкілетті органдарының қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **VII. Жалпы процестің анықтамалары мен сыныптауыштары**

29. Жалпы процестің анықтамалары мен сыныптауыштарының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

### **Жалпы процестің анықтамалары мен сыныптауыштарының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Түрі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің жікткуіші	сыныптауыш	елдер атауларының тізбесін және оларға сәйкес кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.026	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарының, сондай-ақ олар уәкілеттік берген ұйымдардың анықтамалығы	анықтамалық	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының тізбесі оларға сәйкес кодтардан тұрады

## **VIII. Жалпы процестің рәсімдері**

1. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі

30. "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсімін (P.CC.10.PRC.001) орындау схемасы 6-суретте көрсетілген.

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

6-сурет. "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсімін (P.CC.10.PRC.001) орындау схемасы

31. "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтердің немесе мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын кеден органдарының сыныптауышында қамтылған мәліметтердің көрсетілген сыныптауыштарда қамтылған және Комиссияда сақталатын тиісті мәліметтермен үндестіру қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады.

32. Бірінші болып "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату" (P.CC.10.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы қалыптастырады және Комиссияға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы немесе кеден органдарының сыныптауышын жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алуға сұрау салу жібереді.

33. Комиссияға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышты немесе кеден органдарының сыныптауышын жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат келіп түскен кезде "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органына сыныптауыштың жай-күйі (Соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпарат қалыптастырылады және ұсынылады.

34. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштың немесе кеден органдары сыныптауышының жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпарат келіп түскен кезде "Сыныптауышты жаңартудың күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.003) операциясы орындалады.

35. "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі мүше мемлекеттің уәкілетті органының кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштың немесе кеден органдары сыныптауышының жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпаратты алуы болып табылады.

36. "Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

**"Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Түрі
1	2	3
P.CC.10.OPR.001	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат сұрау	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.002	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.003	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген

9-кесте

**"Күні мен уақыты туралы ақпарат сұрау" операциясының сипаттамасы сыныптауышты жаңарту" (P.CC.10.OPR.001)**

--	--	--

№ р/с	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	Р.СС.10.ОПР.001
2	Операцияның атауы	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат сұрау
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштың немесе мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын кеден органдары сыныптауышының жай-күйі (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты Комиссияда сақталатын тиісті ақпаратпен үйлестіру қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сыныптауышты соңғы жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қалыптастырады және Комиссияға жолдайды
7	Нәтижелері	сыныптауышты соңғы жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрату комиссияға жіберілді

10-кесте

**"Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" операциясының (Р.СС.10.ОПР.002) сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	Р.СС.10.ОПР.002
2	Операцияның атауы	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
		Орындаушы сұратуды алған кезде сыныптауышты жаңарту күні мен

4	Орындау шарттары	уақыты туралы ақпаратты орындайды ("Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрату" операциясы (P.CC.10.OPR.001))
5	Шектеулер	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана сұратады
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы алынған сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуға жауапты қалыптастырады және жібереді
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органына сыныптауышты соңғы жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қамтитын хабарлама жіберілді

11-кесте

**"Сыныптауышты жаңарту күні және уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" операциясының (P.CC.10.OPR.003) сипаттамасы**

№ p/c	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.CC.10.OPR.003
2	Операцияның атауы	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	Орындаушы сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қамтитын хабарламаны алған кезде орындалады ("Сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" операциясы (P.CC.10.OPR.002))
		ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен

5	Шектеулер	мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы алынған ақпаратты өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	сыныптауышты жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алынды

**"Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" рәсімі (P.CC.10.PRC.002)**

37. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" рәсімін орындау (P.CC.10.PRC.002) схемасы 7-суретте ұсынылған.

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

7-сурет. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

38. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті

органы кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу мақсатында орындалады.

39. Бірінші болып "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сұрату" (P.CC.10.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Берілген параметрлерге байланысты сұраулардың 2 түрін қалыптастыруға болады:

- мәліметтерді толық көлемде сұрату (тарихи деректерді ескере отырып);
- белгілі бір күнгі жағдай бойынша мәліметтерді сұрату;
- мәліметтерді толық көлемде сұрату (тарихи деректерді ескере отырып);
- белгілі бір күнгі жағдай бойынша мәліметтерді сұрату.

40. Комиссияға кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтер келіп түскен кезде "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша сұратылатын мәліметтер қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылады немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама жіберіледі.

41. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтер келіп түскен кезде "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.006) операциясы орындалады.

42. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі мүше мемлекеттің уәкілетті органының кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алуы болып табылады. Сыныптауышта сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған кезде мұндай мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама қалыптастырылады.

43. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

**"Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу" (P.CC.10.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.CC.10.OPR.004	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сұрату	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.005	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.CC.10.OPR.006	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

### 13-кесте

## "Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сұрату" (P.CC.10.OPR.004) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.CC.10.OPR.004
2	Операцияның атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сұрату
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді толық көлемде алу қажет болған кезде (тарихи деректерді ескере отырып) өзекті сипат беру күні сұрау салуда көрсетілмейді. Белгілі бір күнгі жағдай бойынша мәліметтер алу қажет болған кезде сұрау салуда өзекті сипат беру күні көрсетіледі
7	Нәтижелері	Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сұрату комиссияға жіберілді

### 14-кесте

**"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.CC.10.OPR.005) операциясының сипаттамасы**

№ p/c	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.CC.10.OPR.005
2	Операцияның атауы	сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Орындаушы сұрау салуды сыныптауышта қамтылған мәліметтерді алған кезде орындалады ("Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді сұрату" операциясы (P.CC.10.OPR.004))
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана сұратады
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады сұрауда көрсетілген параметрлермен. Сыныптауышта қамтылған мәліметтерге сұрау салуды алған кезде, тарихи деректерді қоса алғанда, кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы барлық мәліметтер толық көлемде ұсынылады. Егер анықтамалық деректер немесе анықтамалық деректер бөлімі мүше мемлекеттің ұлттық ерекшеліктері ескеріле отырып жасалған жағдайда, мұндай мәліметтер тиісті мүше мемлекеттің кодтық белгіленуін қамтуға тиіс. Көрсетілген күнгі жағдай бойынша мәліметтер

		ұсынылған кезде жағдай бойынша кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді тиісті күнге іріктеу жүзеге асырылады. Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органына мұндай мәліметтердің болмауы туралы хабарлама жіберіледі.
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органына сыныптауышта қамтылған мәліметтер ұсынылды немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама жіберілді

15-кесте


**"Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.10.OPR.006) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.CC.10.OPR.006
2	Операцияның атауы	Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	Орындаушы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Сыныптауышта қамтылған мәліметтерді өңдеу және ұсыну" операциясы (P.CC.10.OPR.005))
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің немесе хабарламалардың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс

6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы сыныптауышта қамтылған мәліметтерді немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алады және оларды өндеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	Сыныптауышта қамтылған мәліметтер не сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама өңделді

**"Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" рәсімі (P.CC.10.PRC.003)**

44. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" рәсімін (P.CC.10.PRC.003) орындау схемасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

45. "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.003) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органының кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштағы мәліметтерді алу мақсатында орындалады, оларды қосу немесе өзгерту сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салуды орындау сәтіне дейін болған. Рәсім, егер "Сыныптауышты жанарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.10.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышта қамтылған мәліметтерді соңғы алған күні мен уақыты Комиссиядағы сыныптауыштың соңғы өзгерген күні мен уақытынан ерте болып табылатыны анықталған жағдайда орындалады.

46. Бірінші болып "Сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрату" (P.CC.10.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауышқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алуға сұрау салуды қалыптастырады және комиссияға жібереді.

